

**"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және
Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 сәуір N 392

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және
Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық
іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық K970167_
кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-
құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21,
774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 54-құжат; 2002 жылғы 26
ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2002 жылғы 28 ақпанда "Казахстанская правда"
газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз
көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002
жылғы 22 ақпандағы Қазақстан Республикасының Z020296_ Заңы):

1) 32-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Өмірге қол сұғушы адамға зиян келтіру не қаруды қолдану немесе пайдалануға
әрекет етумен байланысты өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру қажетті қорғаныс
шегінен шығу болып табылмайды.";

2) 42-баптың үшінші бөлігінде "сегіз жасқа" деген сөздер "үш жасқа" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) 43-баптың төртінші бөлігінде "бас бостандығын шектеу," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

4)

4 5 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бас бостандығын шектеу сотталған адамды қоғамнан оқшауламай бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге оның тұрақты мекен-жайы бойынша мамандандырылған органның қадағалауын жүзеге асырудан тұрады. Өзге жазаны бас бостандығынан шектеуге ауыстырған жағдайда ол бір жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы м ү м к і н .

Сот бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындай отырып, сотталған адамға мынадай міндеттердің орындалуын жүктейді: мамандандырылған органға хабарламай, тұрақты мекен-жайын, жұмысын және оқуын өзгертпеу, белгілі бір жерлерге бармау, оқу және жұмыстан бос уақытында үйде болу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз басқа да жерлерге шығуды шектеу. Сот бас бостандығын шектеумен сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды жүктей а л а д ы . " ;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бас бостандығын шектеу ауыр және ерекше ауыр қылмыс жасаған бұрын

сотталған адамдарға, әскери қызметшілерге, сондай-ақ тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарға қолданылмайды.";

5) 58-бапта:

екінші бөлікте "не жазаларды ішінара немесе толық қосу жолымен. Бұл жағдайларда жазаларды қосу кезінде түпкілікті жаза жасалған қылмыстардың ішіндегі ең ауыр қылмыс үшін көзделген жазаның ең жоғары мерзімі мен мөлшерінен аспауы керек." деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "жолымен тағайындалады" деген сөздердің алдынан "қатаңдығы төменірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 59-баптың екінші бөлігінде:

"жартысынан" деген сөз "үштен бірінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үштен екісінен" деген сөздер "жартысынан" деген сөзбен ауыстырылсын;

"төрттен үшінен" деген сөздер "үштен екісінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 63-бапта:

бірінші бөлікте "бас бостандығын шектеу," деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші және жетінші бөліктер алынып тасталсын;

8) 64-бапта:

екінші бөлікте "өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтарса немесе" деген сөздер алынып тасталсын;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі ішінде қоғамдық тәртіпті ұдайы және әдейі бұзған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынымы бойынша шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы етеді.";

9) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен
б о с а т у

1. Онша ауыр емес қылмысты жасаған немесе адамға қаза келтіруге және оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауапкершіліктен босатуға жатады.

2. Ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін".

1 0) 7 0 - б а п т а :

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

а) тармақшада "кемінде жартысын" деген сөздер "кемінде үштен бірін" деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

б) тармақшада "кемінде үштен екісін" деген сөздер "кемінде жартысын" деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

в) тармақшада "кемінде төрттен үшін" деген сөздер "кемінде үштен екісін" деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

алтыншы бөлік "мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1) 7 1 - б а п т а :

бірінші бөлікте "немесе орташа ауырлықтағы" деген сөздер ", ауырлығы орташа және ауыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "жаза мерзімінің" деген сөздердің алдынан ", кішігірім және ауырлығы орташа қылмыс, ауыр қылмыс үшін жаза мерзімінің жартысы немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты мерзімінен бұрын босатылғандар және жазаның өтелмеген бөлігін өтеу кезеңінде жаңа

қылмыс жасағандар" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 72-бапта:

бірінші бөлікте "сегіз жасқа" деген сөздер "он төрт жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "сегіз жасқа" деген сөздер "он төрт жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 79-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы г-1) тармақшамен толықтырылсын:

"г-1) бостандығын шектеу;"

мынадай редакциядағы 5-1-бөлікпен толықтырылсын:

"5-1. Кәмелетке толмағанға бас бостандығын шектеу бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.";

жетінші және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын мерзім, ал ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіру немесе олардың бірі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіру болатын қылмыстардың жиынтығы бойынша, - он екі жыл тағайындалуы мүмкін. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші рет онша ауыр емес қылмыс жасаған және он төрттен он алты жасқа дейінгі ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

8. Кәмелетке толмай қылмыс жасаған сотталған адамдар бас бостандығынан а й ы р у д ы :

а) бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ кәмелетке толғандар, бірақ 20 жастан аспаған, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар - жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында;

б) бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ кәмелетке толғандар, бірақ 20 жастан аспаған, - күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында;

в) үкім шығарылған кезде 20 жастан асқандар - жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында ө т е й д і . " ;

14) мынадай мазмұндағы 107-1-баппен толықтырылсын:

" 1 0 7 - 1 - б а п . А з а п т а у

1. Азапталушыдан немесе үшінші тұлғадан мәліметтер алу және мойындату мақсатымен қасақана тән зардабын және психикалық зардап шектіру -

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүз дейінгі мөлшерінде немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысы мөлшеріндегі айыппұлмен не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығын айырумен не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамаумен не төрт жылға дейінгі мерзімге бостандығын шектеумен не осы мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады.

2 . О с ы ә р е к е т :

а) ла у а з ы м д ы а д а м ;

б) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобы;

в) б і р н е ш е р е т ;

г) денсаулыққа зиян келтіруге арнайы икемделген заттарды қолданып немесе қ о л д а н у н и е т і м е н ;

д) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтірумен;

е) әйелге немесе кәмелетке толмағанға қатысты жасаса, - осы мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқарудан немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

3. Жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соққан осы әрекет -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

15) 108-баптың бірінші бөлігі "айыппұл салуға," деген сөздерден кейін "немесе жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға" деген сөздермен толықтырылсын;

1 6) 1 1 1 - б а п т а :

бірінші бөлікте "не бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

"кезінде" деген сөздерден кейін "елуден екі жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа қатыстыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

"не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1 7) 1 1 2 - б а п т а :

"кезінде" деген сөздер "елуден екі жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткішке мөлшерде айыппұлға немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде не жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімде қоғамдық жұмысқа қатыстыруға не" деген сөздермен толықтырылсын;

"немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

18) 114-баптың үшінші бөлігінде:

"әрекеттер" деген сөзден кейін "елуден екі жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлға немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысының мөлшерінде не" деген сөздермен толықтырылсын;

"бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

19) 115-баптың бірінші бөлігінде "не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып тасталсын;

20) 116-баптың бірінші бөлігінде "бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып тасталсын;

21) 123-бапта ", не екі жылға дейінгі мерзімге бостандығынан айыруға жазаланады." деген сөздер алынып тасталсын;

22) 137-бапта:

"айыппұл салуға" деген сөздерден кейін "не жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімде қоғамдық жұмысқа қатыстыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

"немесе онсыз нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып тасталсын;

23) 175-бапта:

екінші бөлікте "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "в)" тармағы алынып тасталсын;

24) 176-бапта:

"алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің "в" тармағы алынып тасталсын;

25) 177-бапта:

"алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "в)" тармағы алынып тасталсын;

26) 178-баптың үшінші бөлігінде "в)" тармағы алынып тасталсын;

27) 179-баптың үшінші бөлігінде "г)" тармағы алынып тасталсын;

28) 181-баптың үшінші бөлігінде "г)" тармағы алынып тасталсын;

29) 182-баптың бірінші бөлігінде "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып тасталсын;

3 0) 1 8 3 - б а п т а :

бірінші бөлікте "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

31) 184-баптың бірінші бөлігіндегі "бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "бас бостандығын шектеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 2) 1 8 5 - б а п т а :

бірінші бөлік "(айдап кету)" деген сөздерден кейін "бес жүзден екі мыңға дейінгі

айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі немесе үш айға дейінгі кезеңдегі сотталған адамның жалақысы немесе өзге де табысы мөлшеріндегі айыппұлға немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

33) 188-баптың бірінші бөлігінде "екі айға" деген сөздерден кейін "немесе жүзден екі жүзге дейінгі сағатқа дейінгі мерзімде қоғамдық жұмысқа қатыстыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 190-баптың бірінші бөлігіндегі "сақтау және өткізу" деген сөздер "сақтау не өткізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 223-баптың ескертуінде "алтыдан бір" деген сөздер "үштен бір" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 236-баптың екінші бөлігінде "бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

37) 248-баптың үшінші бөлігінде "в)" тармағы алынып тасталсын;

38) 252-баптың төртінші бөлігі "заңсыз жасау -" деген сөздерден кейін "екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі немесе жалақысының немесе сотталушының төрт айға дейінгі кезең ішіндегі өзге де кірісінің мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

39) 253-бапта ", не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып тасталсын;

40) 255-баптың төртінші бөлігінде "в)" тармағы алынып тасталсын;

41) 257 - бапта :

бірінші бөлік "тым өрескел бұзушылық -" деген сөздерден кейін "екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі немесе жалақысының немесе сотталушының төрт айға дейінгі кезең ішіндегі өзге де кірісінің мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

"үш жылға" деген сөздер "екі жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 265 - бапта :

баптың атауында "жүйкеге әсер ететін" деген сөздер "психотроптық заттар мен осыған ұқсас заттарды," деген сөздермен ауыстырылсын;

"жүйкеге әсер ететін" деген сөздер "психотроптық заттар мен осыған ұқсас заттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 272-баптың бірінші бөлігі "үй-жай беру -" деген сөздерден кейін "екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі немесе жалақысының немесе сотталушының төрт айға дейінгі кезең ішіндегі өзге де кірісінің мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын";

44) 273-бапта "үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

45) 378-баптың бірінші бөлігінде "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-іс

жүргізу Z970206_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 жылғы 26 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2002 жылғы 28 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 22 ақпандағы Қазақстан Республикасының Z020296_ Заңы):

1) 83-баптың үшінші бөлігі "аудармашының тегін көмегін пайдалануға;" деген сөздерден кейін "аудармашыға қарсылық білдіруге;" деген сөздермен толықтырылсын";

2) 84-баптың екінші бөлігі "қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекетіне шағым жасауға;" деген сөздерден кейін "аудармашыға қарсылық білдіруге;" деген сөздермен толықтырылсын";

3) 116-баптың бірінші бөлігінің 1) тармағы "күш қолдану" деген сөздің алдынан " азаптау не өзге де" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 1 2 1 - б а п т а :

екінші бөлік "күшіне енгенге дейін" деген сөздерден кейін "осы Кодекстің 223-бабының 4-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің 4) тармақшасында "өзге де құндылықтар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ заңсыз кәсіпкерлік және контрабанда заттары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 160-баптың бірінші бөлігінде "заңмен екі жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасалғандығына" деген сөздер "заңмен екі жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана қылмыс жасалғандығына және заңмен үш жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсыз қылмыс жасалғандығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 160-баптың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 75, 82, 84, 85, 86, 145, 147-баптарында көзделген жағдайларда іс жүргізу міндеттерін орындамағаны және сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін жәбірленушіден, куәдан, маманнан, аудармашыдан және өзге де адамдардан ақша өндіріліп алынуы мүмкін.";

7) 1 9 2 - б а п т а :

екінші бөлікте "175-бабында" деген сөздерден кейінгі "(екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "(үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-1-бөлік "107-1-бабында," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 223-баптың төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу үшін пайдаланылған және қылмыстық іс бойынша заттай айғақ болып табылатын ақша қаражаттары қылмыстық қуғындау органына фотографиялық немесе бейнетүсіру құралдарымен түсірілген құралдарымен алынып қойылған ақша купюраларын қарау хаттамасы ісіне бірге тіркей отырып қ а й т а р ы л у ғ а ж а т а д ы . " ;

9) 285-баптың екінші бөлігінде "175-бабында" деген сөздерден кейінгі "(бірінші бөлігінде)" деген сөздер "(бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 0) 4 2 1 - б а п т а :

бірінші бөлік "құқылы." деген сөздің алдынан мынадай мазмұндағы 9) тармақпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"9) егер, сот үкімімен тағайындалған жаза тым жұмсақ болып танылса, жаза көлемін ұлғайтуға немесе неғұрлым қатаң жаза тағайындауға" екінші бөлікте "3)-8)" деген сандар "3)-9)" деген сандармен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару Z970208_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 24, 339-құжат):

1) 33-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталғандардың еңбегін ұйымдардың пайдалануы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Сотталғандардың орындаған жұмысының көлемі мен құны ұйымда қолданылып жүрген бағалау бойынша бөлек есептеледі және тиісті бюджетке аударылады.";

2) 8-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"Бостандықты шектеу түріндегі жазалауды орындау тәртібі мен шарттары

43-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу орындары

1. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар жазаны тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының оларды қадағалауды жүзеге асыру жағдайында ө т е й д і .

2. Жергілікті атқарушы органдар қылмыстық-атқару инспекцияларына бас бостандығын шектеуге сотталған адамдардың еңбек пен тұрмыстық жайластырылуына ж ә р д е м д е с у г е м і н д е т т і .

44-бап. Сотталғандарды жазасын өтеу орнына жіберу

1. Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталғандар қамаудан босатылады және тұрақты

мекен-жайына мемлекет есебінен өздері барады.

Бұл жағдайда түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанға қылмыстық-атқару инспекциясына есепке қою үшін бару бағыты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына шығу туралы ұйғарым береді.

2. Сотталған тұрақты мекен-жайына белгіленген мерзімде келмеген жағдайда ішкі істер органдары оны іздеуді жүзеге асырады.

3. Ұстаудан кейін бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру үшін материалдар сотталғанның ұсталған орны бойынша сотқа беріледі.

45-бап. Бостандықты шектеу түріндегі жазаның мерзімін есептеу

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімі қылмыстық-атқару инспекциясының үкімді орындауға қабылдаған сәтінен бастап есептеледі.

2. Сотталғанның жұмыста немесе тұрақты мекен-жайында бір тәуліктен артық болмаған уақыты жаза мерзіміне есептелмейді.

46-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдар қадағалауда болады ж ә н е :

нормативтік құқықтық актілермен және қылмыстық-атқару инспекциясы белгілеген жазаны өтеу тәртібін сақтауға;

қылмыстық-атқару инспекциясының рұқсатынсыз жұмыс, оқу орнын және тұрақты мекен - ж а й ы н а у ы с т ы р м а у ғ а ;

оқудан және жұмыстан бос уақытта үйде болуға;

қылмыстық-атқару инспекциясы белгілеген мерзімде тіркеу және тәрбиелік іс-шаралар өткізу үшін қылмыстық-атқару инспекциясына келуге;

жұмыс немесе оқу кестесінің өзгеруі туралы қылмыстық-атқару инспекциясын бір тәулік ішінде хабардар етуге;

белгіленген үлгідегі жеке басын куәландыратын құжаты болуға міндетті.

2. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін сотталғандарға жазаны өтеу орны бойынша орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу мекемелерінде оқуға рұқсат етіледі. Қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен сотталған өзге жерде орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу мекемелерінде оқи алады.

47-бап. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдардың еңбек шарттары

1. Бостандығын шектеуге сотталғандардың еңбегі, осы Кодекспен

белгіленген ережелерден басқа, Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.

2. Сотталғандарды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру қылмыстық-атқару инспекциясымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

48-бап. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін
адамдармен тәрбие жұмысы

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдармен тәрбие жұмысын жүргізеді.

2. Сотталғандардың тәрбиелік сипатта жүргізілетін іс-шараларға белсенді қатысуы көтермеленеді және түзеу дәрежесін белгілеу кезінде ескеріледі.

49-бап. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдарға
қолданылатын көтермелеу шаралары

1. Жақсы мінез-құлқы мен еңбекке адал қарағаны үшін қылмыстық-атқару инспекциясы сотталғандарға мынадай көтермелеу шараларын қолдана алады:

алғыс жариялау;

бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу;

демалыс және мереке күндерін тұрақты мекен-жайының шегінен тыс жерлерде өткізуге рұқсат беру;

демалысын тұрақты мекен-жайының шегінен шығып өткізуге рұқсат беру.

2. Сотталғандар осы Кодекспен белгіленген тәртіппен шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсақ жазамен ауыстыруға ұсынылуы мүмкін.

50-бап. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін
адамдарға қолданылатын жазалау шаралары

1. Жазаны өтеу тәртібін бұзатын сотталғандарға қылмыстық-атқару инспекциясы мынадай жазалау шараларын қолдана алады:
с ө г і с ;

бір айға дейінгі мерзімге демалыс және мереке күндерін тұрақты мекен-жайының шегінен шығуға тыйым салу;

бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру мүмкіндігі туралы е с к е р т у .

2. Жазасын өтеуден қасақана жалтарушы адамдарға қатысты қылмыстық-атқару инспекциясы бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін материалдарды сотқа ұсынады.

51-бап. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдарға
көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі

1. Көтермелеу және жазалау шаралары жазбаша түрде қолданылады.

2. Жазалау шараларын қолдану кезінде құқық бұзушылық жасалған мән-жайлар, сотталғанның жеке басы мен оның теріс құлыққа дейінгі мінез-құлқы ескеріледі. Қолданылатын жаза сотталған жасаған теріс қылықтың сипаты мен ауырлығына сәйкес болуы тиіс. Жаза теріс қылық анықталған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер теріс қылыққа байланысты тексеру жүргізілсе - оның аяқталған күнінен бастап, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады. Жаза, әдетте, бірден, ал ерекше жағдайларда - ол қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

3. Осы Кодексте көзделген көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқығын қылмыстық-атқару инспекциясының бастығы немесе оның орнында қалған адам толық көлемде пайдаланады.

52-бап. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару
және бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен
шарттарын бұзу

1. Сотталғанның: демалысын немесе демалыс және мереке күндерін өткізген орыннан дәлелді себептерсіз уақтылы келмеуі, сондай-ақ жұмыс орнынан немесе тұрып жатқан жерінен өз бетінше кетіп қалуы, спирттік ішімдіктер мен есірткі заттарын медициналық емес мақсаттарда бірнеше рет пайдалануы, қылмыстық-атқару инспекциясы қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару болып табылады.

2. Еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті немесе сотталған үшін белгіленген тұру ережелерін кемінде үш рет бұзу, сондай-ақ кейін жасалған тәртіп бұзушылық алдыңғысына жаза қолданылғаннан кейін жасалған жағдайда оған жазалау қолданылғаны үшін сот қолданған міндеттерді орындаудан бас тарту жазаны өтеу тәртібі мен ережелерін бұзушылық болып табылады.

53-бап. Сотталғандарды қадағалау және бостандығын
шектеу түріндегі жазаны өтеудің тәртібін
бұзушылықтың алдын алу шаралары

1. Бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерді қадағалауды қылмыстық-атқару инспекциясы жүзеге асырады және сотталғандарды олардың тұратын жері мен жұмыс орны бойынша, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында байқау

мен бақылауды қамтамасыз етеді. Қадағалауды жүзеге асыру тәртібі нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

2. Сотталғанға бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде оны ішкі істер органдары прокурордың санкциясымен жазаны өтеуден жалтарудың жолын кесу және материалдарды сотқа беру мақсатында он тәулікке дейінгі мерзімге ұстауы мүмкін.

3. Жазаны өтеуден қасақана жалтаратын сотталғанды ішкі істер органы жалтару себептерін анықтау үшін прокурордың санкциясымен он тәулікке дейінгі мерзімге ұстауы мүмкін. Қажет болған жағдайда ішкі істер органы ұсталғанды жазаны өтеу орнына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар үшін белгіленген тәртіппен жібереді және жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны туралы деректер болған жағдайда сотталғанға бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін сотталғанның ұсталған жері бойынша материалдарды сотқа жібереді.";

3) 58-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сондай-ақ, қылмыстық іс-әрекет объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, қолданыстан алынып қойылған зат болып табылатын мүлік сот үкімі бойынша тәркіленуге жатады.";

4) 65-бапта "ұзақтығы аптасына төрт сағаттан аспайтын уақытқа" және "ақы төлемей" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 69-бап мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"10. Қатаң оқшаулау қамтамасыз етілген жағдайда түзеу колонияларының біреуінде жалпы және қатаң режимдегі жергілікті учаскелерді құруға жол беріледі";

6) 73-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацында "жаза мерзімінің кемінде үштен бірін" деген сөздер "кішігірім және орта ауырлықтағы қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде үштен бірін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 83-баптың төртінші бөлігінде "(жүктілігінің төртінші айынан бастап)" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 87 - бапта :

бірінші бөліктің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотталғанның ұзақтығы он бес минутқа дейін телефон арқылы сөйлесуге құқығы бар.";

екінші бөлік алынып тасталсын;

9) 97-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық-атқару жүйесінде сотталғандарға медициналық қызмет көрсету үшін емдеу-алдын-алу мекемелері (ауруханалар, арнаулы психиатрия және туберкулез ауруханалары; медициналық бөлімдер), ал туберкулездің ашық түрімен ауыратын сотталғандарды ұстау және амбулаторлық емдеу үшін мәжбүрлеп емдеуді жүзеге

асыратын емдеу құқығындағы түзеу мекемелері ұйымдастырылады. Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын сотталғандарды мәжбүрлеп емдеу түзеу колонияларының медициналық бөлімінде жүзеге асырылуы мүмкін.";

10) 112-баптың үшінші бөлігінде:

"тәртіптік айыппұл" деген сөздер алынып тасталсын;

"айыппұл изоляторына орналастыру" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 113-баптың жетінші бөлігінде "жыл" деген сөз "алты ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 118-баптың үшінші бөлігіндегі "төрттен үші", "алты айын" деген сөздер "үштен екісі" және "үш айын" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 116 және 118-баптардың төртінші бөлігінде "қатаң жағдайларға көшірілуі мүмкін" деген сөздер ", бұл ретте, осы Кодекстің 111-бабының 1-бөлігінде көзделген жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін оларға жаза қолданған жағдайда, сотталғандар жеңілдетілген жағдайлардан дағдылы жағдайларға көшіріледі." деген сөздермен толықтырылсын;

14) 120-баптың үшінші бөлігіндегі "қатаң жағдайларға көшірілуі

мүмкін" деген сөздер ", бұл ретте, осы Кодекстің 111-бабының 1-бөлігінде көзделген жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін оларға жаза қолданған жағдайда, сотталғандар жеңілдетілген жағдайлардан дағдылы жағдайларға көшіріледі." деген сөздермен толықтырылсын;

15) 171-баптың бірінші бөлігінде "сегіз жасқа" деген сөздер "он төрт жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 172-баптың тақырыбында және төртінші бөлігінде "сегіз жасқа" деген сөздер "он төрт жасқа" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

